



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Түркістандықтар жеңімпаз атанды



Туризм және спорт министрлігі, Астана қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт түрлері федерацияларының ұйымдастыруымен 4 қыркүйек күні елорда төрінде басталған Ұлттық спорт түрлерінің VI фестивалі аяқталды.

«Бұл шара Үкіметтің дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы мен Туризм және спорт министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыруға бағытталып отыр», дейді ұйымдастырушылар.

Фестивальға еліміздің барлық облыстарынан 1381 сайыскер қатысты. Олар асық ату, аударыспақ, бәйге, дәстүрлі садақ ату, жамбы ату, жекпе-жек, көкпар, қазақ күресі, құсбегілік, теңге ілу, тоғызқұмалақ қатарлы 11 ұлттық спорт түрлері бойынша өзара мықтыларды анықтады.

Жеке-жеке тарапты айтар болсақ, асық атудан Павлодар облысы мен Астана қаласы (бес асық), аударыспақтан Ақтөбе облысы, бәйге, жамбы ату, қазақ күресі, теңге ілуден Түркістан облысы, дәстүрлі садақ атудан Астана қаласы, жекпе-жектен СҚО, көкпардан Жамбыл облысы, құсбегіліктен Алматы облысы, тоғызқұмалақтан БҚО (ер) мен Павлодар (әйелдер) облыстарының спортшылары үздік өнер көрсетті.

Сондай-ақ фестивальдің бағдарламасына дәстүрлі садақ ату спорты тұңғыш рет енгізілсе, теңге ілу спортшылары бірінші рет «қос құлаш», «жеті құт», «бес белес» дейтін үш түрлі дистанцияға бөлініп жарысты.

Жалпы есеп бойынша Түркістан облысының сайыскерлері 574 ұпай жинап жеңімпаз атанды. Екінші орынға 549 ұпаймен астаналықтар ие болса, үздік үштікті Жамбыл облысы 460 ұпаймен түйіндеді.



## Президент «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысына ұлттық компанияның биылғы бірінші жартыжылдықтағы негізгі қаржы-шаруашылық көрсеткіштері және газ саласын реформалау жұмыстарының барысы туралы есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «QazaqGaz» ҰК» акционерлік қоғамы 2022 жылдың басынан бастап Атырау, Маңғыстау облыстары мен Алматы қаласында өз қаражаты есебінен сомасы 400 миллиард теңге болатын инвестициялық жобаларды іске асырғаны жөнінде баяндалды.

Бытыр жыл басынан бері ұлттық компания халық пен бизнес үшін газ бағасын 389 миллиард теңгеге субсидиялады. Осы кезеңде 450 мыңға жуық қазақстандық табиғи газға қол жеткізді.

Мемлекет басшысына газ тапшылығы мәселесінің шешілуіне қатысты мәлімет берілді. Санжар Жаркешовтің айтуынша, қабылданған шаралар алдағы күзгі және қысқы кезеңде Қазақстанда табиғи газбен артығымен қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа Бейнеу – Бозой – Шымкент магистральды газ құбырының екінші желісіне қатысты жобаның жүзеге асырылу барысы және Қытай Халық Республикасымен жаңа экспорттық келісімшартқа қол қойылуы жөнінде ақпарат берілді.

Бұдан бөлек, Президентке газ саласының орта мерзімді стратегиясын жүзеге асыру, газ өңдеу қуатын ұлғайту және елімізді одан

әрі газбен қамтамасыз ету перспективалары жөнінде мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына газдың ресурстық базасын кеңейту жұмыстары туралы да баяндалды. «QazaqGaz» ҰК» АҚ төрағасының айтуынша, 2023 жылдың соңына дейін жаңа Анабай газ кен орны іске қосылады, сондай-ақ Придорожное кен орнын игеруге дайындық басталды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ішкі нарыққа газ жеткізуді тұрақты түрде қамтамасыз етуге, жылыту маусымына уақытлы дайындалуға, үнемді тұтыну тұжырымдамасын енгізуге және баға белгілеу ісін реформалауға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

## Еліміздегі моноқалаларды дамытуға 1,7 трлн теңге бөлінеді

Үкімет қаулыларымен Жаңатас, Қаратау және Риддер қалаларын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарлары бекітілді.

10 моноқаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бойынша нақты мақсаттар белгіленген. Бұған дейін Үкімет Алтай, Арқалық, Балқаш, Жітіқара, Лисаковск, Серебрянск және Степногорск қалалары бойынша кешенді жоспарлар қабылдаған еді.

10 кешенді жоспар аясында 608 тармақтан тұратын іс-шараларды іске асыру көзделген: денсаулық сақтау, білім беру, спорт, инженерлік инфрақұрылым, шағын және орта бизнес, агроөнеркәсіптік кешен нысандарын салу және жөндеу, заманауи жабдықтарды сатып алу қарастырылған. Осы мақсаттарға 1,7 трлн теңге жоспарланған.

Мысалы, Жаңатас қаласында республикалық және жергілікті бюджет, сондай-ақ басқа да көздер есебінен 75 іс-шараны іске асыруға 3 млрд теңгеден астам қаражат жоспарланған. Қаратауда шамамен 50

млрд теңге – бюджеттен тыс ақша.

Арқалық қаласында Маятас кластерінің кен орындарына геологиялық зерттеу жүргізілгеннен кейін тау-кен байыту комбинатын салу жоспарланып отыр. Құны 315 млрд теңге болатын жоба 1,2 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Арқалықты әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспары Қостанай облысының Амангелді және Жангелді аудандарын дамыту жөніндегі іс-шаралармен толықтырылған.

Балқаш қаласында Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде өнеркәсіп өндірісінің нақты көлемінің индексі 8,5%-ға, өңдеуші өнеркәсібінің үлесі 90%-дан кем емес өсіп, негізгі капиталға салынған инвестиция 57 млрд теңге болады деп күтіледі. Шағын және орта бизнес нысандарының саны, олардың өнімдерінің көлемі және жұмыс орындары біраз көбеймек. Ал әуежай реконструкцияланғаннан кейін туристер ағыны мен іскерлік белсенділік 4 есе артады деп болжанып отыр. 2027 жылға дейін атмосфераға таралатын зиянды шығарынды-

лар 78,5 мың тоннадан 50,2 мың тоннаға дейін азаяды.

Ақмола облысының Степногорск қаласында өнім шығаруды 71 млрд теңгеден 90 млрд теңгеге дейін, ал ауыл шаруашылығындағы ІЖӨ көлемін 10%-ға арттыру көзделіп отыр. 3,5 мың жаңа жұмыс орны құрылады. Медицина қызметкерлері жаңа медициналық колледжде дайындалады. Орталық қалалық ауруханаға күрделі жөндеу және техникалық жарақтандыру жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ жылумен және электрмен жабдықтау мен кәріз желілерінің тозу деңгейін төмендету жоспарланып отыр. 15 аула аумағын абаттандыру есебінен балаларға қолайлы жағдай жасалады.

Еске сала кетейік, Мемлекет басшысы моноқалаларға қатысты мемлекеттік саясатты қайта қарау, олардың одан әрі дамуына және ең бастысы, онда тұратын азаматтарға қолдау көрсетуді тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев 27 моноқаланың әрқайсысының тұрақты экономикалық өсімінен бастап

тоқырауға дейін даму перспективалары әртүрлі екенін атап өтті. Олардың кейбірі нарыққа бейімделіп, экономикасын әртарапандырып үлгерді. Бірақ жалпы даму жолындағы теңгерімсіздік айқын.

Осыған байланысты Ұлттық экономика министрлігі моноқалаларды дамытуда кешенді тәсілді қолдану мақсатында, сондай-ақ жаңа шараларды жүйелеу және іске асыру үшін тиісті Жол картасын әзірлеп жатыр.

Жол картасында Моноқалаларды мемлекеттік қолдау шараларының бірыңғай тізбесін, Әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспарларын әзірлеу, индустриялық аймақтар мен озық даму аумақтарын құру және т.б. мәселелер көзделген. Қазақстанда 89 қала бар, оның 27-сі – 1,4 млн халқы бар моноқалалар. Олар өнеркәсіп өнімдерінің шамамен 40%-ын өндіреді.

Экономиканы әртарапандыру мақсатында 5 моноқалада 2 806 жұмыс орнын аша отырып 214,3 млрд теңге сомаға 14 «зәкірлік» жоба іске асырылып жатыр.

«Созақ үні»-ақпарат.



## Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің құрылғанына 80 жыл

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің құрылғанына 80 жыл толуына орай «Рухани ордаға 80 жыл» атты салтанатты шара өтті. Кеш шымылдығы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің тарихын баяндайтын бейне роликпен түрлі.

Жиынға арнайы қатысқан аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан тұрғындары мен кітапхана жұмысын айтулы мерекемен құттықтады.

- Кітапхана дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасат-

тылық пен білімділіктің, біліктіліктің киелі ордасы. «Мәдениет пен өнер ұлы болмайынша, ұлт ұлы болмайды» дегендей, егеменді мемлекетіміздің болашағы мен жастардың мәдени танымдық қабілетін қалыптастыратын мәдени ортаның бірі кітапхана екендігін бүгінде білмейтін адам кемде-кем. Өткен ғасырдың сонау, 1943 жылдан бері Қызыл отаудан құрылған Созақ аудандық кітапханалар жүйесі 80 жылдық тарихымен ғылым, өнер мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді. Түрлі шаралар ұйымдастырылып, ұлттық дәстүріміз бен құндылықтарды нығайтуда мол табыстарға қол жеткізуде. Алдағы уақытта кітапхана

саласының әлеуетін арттырып, ауданнан үлкен, заманауи үлгідегі кітапхана ғимаратын салу жоспарымызда бар, деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы «Оталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ-нің директоры Эльмира Қайдауқызына арнайы құттықтау хат пен сый-сияпат табыс етіп, кітапхана ісі саласының мамандары мен шығармашылық қызметкерлерін алғыс хатпен марапаттады.

Сонымен қатар, оқырмандар мен қадірлі кітап сүйер қауымды айтулы мерекемен құттықтап, ізгі тілегін арнаған аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев және

аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов бірқатар кітапханашы мамандар мен осы салада қызмет еткен ардагерлерге арнайы алғыс хат табыстады.

Ардагер ұстаз, ақын, сазгер, драматург Байділдә Айдарбеков мерекеге арналған өлең жолдарын арнады. Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары әсем ән орындап, мерекенің ажарын аша түсті.

Жиын соңында шараға жиналған қонақтар мәдениет үйінің фойесінде «Рухани ордаға 80 жыл» атты арнайы дайындалған көрмені тамашалады.

## Жылу беру маусымының дайындық барысын пысықтады

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков «Шолаққорған су» МКК мекемесіне қарасты «Мазут шаруашылығы» отын сақтау қоймасында болды. Бүгінде онда 2100 тоннаға жуық қатты отын жеткізілген. Аудан басшысы Таукент және Қызмешек кенттерінде орналасқан орталықтандырылған жылу жүйесіне қажетті әкелінген қатты отынның сапасын көріп, жылу маусымына дайындық жұмыстарының барысын пысықтады. Жауапты мамандарға аталған аймақтарға қажетті отынды тасымалдау жұмыстарын қадағалауды тапсырды.



Сонымен қатар, Таукент кентіндегі орталықтандырылған жылу қазандығында жүріп жатқан ағымдағы жөндеу жұмыстарымен танысып, жөндеуден өткен сұйық отынмен жанатын бу қазандығы және қатты отынмен жанатын төрт жылу қазандықтың жай-күйін бақылады.

Аралату барысында сала мамандары мен жауапты бөлім, мекеме басшыларына дайындық жұмыстарын уақытылы аяқтап, сапалы атқаруды тапсырды.

## Құрманғазы мектебінің құрылысын бақылауға алды

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Ыбырай елді мекенінде жүріп жатқан 200 орындық Құрманғазы атындағы жалпы орта мектебінің

жұмысты барынша ширатып, өндірістік кестеде белгіленген уақытта аяқтауды тапсырды.

Сонымен қатар, құрылыс



құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Онда алдымен бұған дейінгі жұмыс барысында орын алған осал тұстарының орнын толтыру мақсатында атқарылған шараларды бақылауға алды. Мердігер мекеме өкілдеріне

сапасына баса мән беру керектігін айтып, бұл жөнінде жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктеді. Аудан басшысы алдағы уақытта да жиі келіп, жұмыстарды толықтай бақылауында ұстайтынын ескертті.

## ОТБАСЫ – ҚОҒАМ ДІҢГЕГІ



Отанға деген сүйіспеншілік отбасынан басталады. Қазақ халқында отбасы институты адам баласына ізгілік, имандылық, отансүйгіштік қасиеттерін сіңіретін киелі мектеп, ұрпақтар сабақтастығының, дәстүр жалғастығының алтын діңгегі саналған. Мемлекетімізде отбасыға, ана мен балаға ерекше қамқорлық көрсетіледі. Оның бір айғағы ретінде қыркүйектің екінші жексенбісі Отбасы күні болып белгіленген.

Осы орайда бүгін «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық деңгейіне қатысып, үздік деп танылған отбасыларды марапаттау рәсімі өтті.

Марапаттау рәсімінде Созақ ауданы әкімінің орынбасары Қалдыбек Әбілдахлы Оразов мерейлі отбасыларды құттықтап, «Барлығыңыз да құрмет пен мадаққа лайықсыздар. Бүгінгі мерейлі күнде

сіздерге қажырлы еңбек, тағылымды тәрбие, ізгі дәстүрлер сабақтастығын лайықты жалғастырып келе жатқандарыңыз үшін зор ризашылығымды білдіремін. Берік отбасылық құндылықтар арқылы ғана мемлекеттің іргесі мығым, ғұмыры мәңгі болады. Баршаңызға зор денсаулық, береке-бірлік, жақсылық тілеймін! Шаңырақтарыңызда махаббат пен татулық салтанат құрсын!» деп сөзін сабақтады. Мерейлі отбасыларға аудан әкімінің арнайы алғыс хаттары менен естелік сыйлықтарын табыстады.

Аудандық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Қабылбек Аманбекұлы Еспенбетов сөз алып, қоғамдағы отбасы институтының маңызы жөнінде толғады. «Сіздердей отбасыларды өскелең ұрпаққа үлгі етуге тиіспіз» деп түйіндеді құттықтау сөзін.

Марапаттау рәсімі «Мыңжылқы» мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

Ұлттық конкурстың облыстық деңгейінде Сатыбалды Қуандықұлы Жанзақов пенен Құрманғали Сейітұлы Ташкенбаевтың отбасылары марапатталды.

«Мерейлі отбасы-2023» ұлттық конкурсының аудандық деңгейінің үздіктері:

Байұзақ Тәжібекұлы Аметовтің отбасы-Созақ ауылдық округі.

Абай Уалиханұлы Көбеновтің отбасы-Құмкент ауылдық округі.

Махажан Қордашбекұлы Оспановтың отбасы-Жартытөбе ауылдық округі.

Айсұлу Ешханқызы Әжібаеваның отбасы-Қарақұр ауылдық округі.

Төлепберген Дінісламұлы Мұқашовтың отбасы-Қаратау ауылдық округі.

Базарбай Қабылұлы Мұртазаевтың отбасы-Қаратау ауылдық округі.

Мәди Сейтжапбарұлы Ысқақовтың отбасы-Тасты ауылдық округі.

Беркімбай Мүсірепұлының отбасы – Шу ауылы.

Сәуленбек Өтейұлы Адырбектің отбасы – Шолаққорған ауылдық округі.

Аманәлі Мырзатайұлы Кәрібаевтың отбасы – Шу ауылы.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

## АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Өркен Балажанов ауданның белсенді жастарымен кездесті. Жиын барысында 1 қыркүйектен бастау алған Президенттік жастар кадр резервінің іріктеу кезеңдеріне тоқталып, ақпараттармен белісті.

Жиынды аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов ашып, жүргізіп отырды. Жобаның жастар үшін мемлекеттік қызметте өз әлеуетін іске асыру мүмкіндігі екендігін айта отырып, жастарды аса белсенділікпен қатысуға шақырды. Президенттік жастар кадр резервіне қызығушылық танытқан аудан жастары сауалдарын жолдап, жобадан қалыс қалмайтындарын жеткізді.



нымыздағы бөлімшесінің төрағасы Біржан Саржан жауап берді. Ал, тағы бір сауал қоюшы ауыл тұрғыны Сәуленбек Адырбек: «Аудандық ХҚО-ның қызметтерін кім бақылауда ұстайды?» деп сұрады. Тағы да өзінің аталмыш мекеме қызметкерлерінің қызметіне қатысты ескертуі барын айтты. Бұл сауалға жауап берген Нұрлан Хусанұлы: «Егер осы мәселеге қатысты Түркістан облысы Әділет департаментіне шағым-арыз түсірсеңіз, біз арнайы жұмыс-

## Жолдауға қолдау

# Болашаққа жасалған бағыт-бағдар

Жылдағы дәстүр бойынша Парламент палаталарының бірлескен отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Бұл ел дамуына серпін беретін құжат негізінен экономикалық сипатта ербіді.

Ел басшысы: «Нағыз дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалмауымыз керек. Осы жұмыста түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет» деп нақты мақсат пен міндеттерді айқындап берді.

Президенттің кезекті Жолдауынан көңілге қонғаны осы экономиканы дамыту мәселесі болды. Қоғам алға жылжу үшін оған қозғау салатын күш керек. Жолдау сол күштің ролін атқарып, жаңа бастамаларға жол ашып, болашаққа бағдар беретіні рас. Мемлекет басшысы ұлттың бизнестің әлеуетін арттыру жөнінде бұрын да айтқан, бұл жолы да оны бірнеше рет қайталады. Президент кадр саясаты мәселесін де орынды қозғады. Өзім ауыл шаруашылығында қаракет жасағаннан кейін осы мәселе төңірегінде айтқан сөздеріне көңілім толды. Біздер шаруа адамдары хал-қадіріміздің жеткенінше еңбек етіп келеміз. Сол шаруашылықтан өндірген өнімдерді сатып тіршілік етудеміз.

Қазір бағымымда ешкі түлігін өсіріп, көбейтудемін. Оның түбіті базарда әжептеуір бағаланады. Соны күнделікті күнкөріске нәпақа етудемін. Ал, халық ешкі етін ем ретінде көптеп тұтынуда. Бір жағынан бұл түліктің пайдасы бар. Ел басшысының жыл сайынғы Жолдауын асыға күтетіміз рас. Өйткені бұл құжат біздің болашақ дамуымыздың бағыт-бағдары деп түсінемін.

Ал, Президенттің экономиканы көтеру туралы ұсыныстарын толық қолдаймын.

**Қуандық САТЫБАЛДИЕВ,**  
Шаруа қожалықтың иегері,  
Құмкент ауыл округі.

# Қоғамның құқықтық сауатын жетілдіру - өзекті мәселе

Қыркүйектің 6 күні Шолаққорған ауыл әкімдігінде жергілікті тұрғындар мен мемлекеттік емес ұйымдардың төрағаларының басын қосқан жиын болып өтті. Жиынды Түркістан облысының Әділет Департаменті ұйымдастырды. Шараның мақсаты: Шолаққорған ауыл округіне қарасты адвокаттар мен нотариустарды және сот орындаушыларын қатыстырып, жергілікті халықтың құқықтық сауатын арттыру болды. Жиынға: Түркістан облысы Әділет департаментінің құқықтық түсіндіру жұмысы және халыққа заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің басшысы Ербекешов Нұрлан Хусанұлы; адвокат Тәжбеков Сыздық Жаңабайұлы, нотариус Сұлтанбеков Мадияр Қуатұлы және жеке сот орындаушы Бейбіт Ағабекұлы қатысып, жиылғандардың қойған сауалдарына жауап берді. Әуелі, Нұрлан Хусанұлы шара қатысушыларына жиынның мақсатын түсіндіріп өтті. Кейін, алғашқы болып, ауыл қариясы Мыңжасар Асқаров өзінің

сауалын жеке сот орындаушысы Бейбіт Ағабекұлына берді. Жеке сот орындаушының бұл мәселеден хабары бар екен, жауабы да дайын боп шықты. Мұнан соң, сауал беру құқына ие болған ауылымыздың тұрғыны Қуаныш Теміров өзінің бірнеше таныстарына өз атына кредит әперіп, ақыр соңында алданғанын, яғни, аталмыш кредиттерді өзі төлеуге мәжбүр боп отырғанын жеткізді. Сондай-ақ, осы жағдайда не істеуге және кімге жүгінуге болатынын сұрады. Қуаныш Теміровтың сауалына жауап берген Әділет департаментінің заңгері Нұрлан Хусанұлы мен адвокат Сыздық Жаңабайұлы жиыннан соң хабарласуын, тиісті қызмет көрсетілетінін мәлімдеді. Келесі сауал беру құқына «Сөзәк жастары» ҚБ-нің төрағасы Жандар Бекбергінұлы ие болды. Жандардың сауалы: «қоғамдық ұйым құрамын деген азаматтар не істеуі тиіс?» жалпыға қатысты сұрақ болды. Бұл сұраққа «Асар» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің ауда-

шы топ шығарып, мәселенің мән-жайын анықтайтын боламыз деп уәде берді.

Мұнан кейін, «Ел Мүддесі» ҚБ-нің төрағасы ретінде шараға шақырылған мен жалпы қоғамымыздағы азаматтарымыздың заңдық құқықтарына қатысты сауалдарымды беріп, жауабын да алдым. Тек, мұның өзі өз алдына бір тақырып болғандықтан газетіміздің алдағы сандарында толықтай жазуды ұйғардым. Мақсатым, жерлестерімзге заң алдындағы міндеттері мен құқықтары жайлы кеңірек ақпарат беру. Әрине, бұл мақсатта маған осы шараға қатысқан Түркістан облысы Әділет департаментінің құқықтық түсіндіру жұмысы және халыққа заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің басшысы Нұрлан Ербекешов, жергілікті адвокат Сыздық Тәжбеков, нотариус Мадияр Сұлтанбеков және жеке сот орындаушы Бейбіт Ағабекұлы жәрдемдесетін болды.

**Данияр БЕК.**

# «Самұрық-Қазына» қорының басшысы «Қазатомөнеркәсіп» кәсіпорындарына барды

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов қызылорда облысына жұмыс сапары барысында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК-ның (Қазатомөнеркәсіп немесе Компания) «Хорасан-У» ЖШС және «Байкен-У» ЖШС еншілес кәсіпорындарын аралады.

Қор басшысы өндірістік объектілермен және қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларымен танысты. Кәсіпорын басшылары іске асырылған және перспективалы жобалар, болашаққа арналған жоспарлар, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өнеркәсіптік, радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар, сондай-ақ өңірлердің әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жайлы айтып берді.

«2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан әлемде уранның 42% өндірді! Біздің еліміз- абсолютті көшбасшы. Бұл Қазатомөнеркәсіптің үлкен еңбегі. Жарияланған өндірістің жартысынан көбі соның үлесінде- 22%. Компанияда және оның еншілес кәсіпорындарында бірегей мамандар жұмыс істейді. Кен орындарында өндіру ең жоғары технологиялық әдістердің бірі- жер асты ұғымалы шаймалау әдісімен жүргізілетіндіктен бізге әлемнің түкпір-түкпірінен тәжірибе үйренуге келеді. Иә, бұл күрделі, бірақ нәтижесі өзіндік құн жөнінен

ең бәсекеге қабілетті. Бұл бізге халықаралық нарықтарда үлкен артықшылық береді» дейді Нұрлан Жақыпов. «Қазатомөнеркәсіп өзі жұмыс жүргізетін өңірлердегі ең ірі салық төлеушілердің бірі болып табылады. 2022 жылы әлеуметтік-экономикалық дамуға, сондай-ақ инфрақұрылымды дамытуға өңірлердің бюджетіне 2,6 млрд теңге аударылды. Әлеуметтік жобаларды іске асыруға 900 млн теңгеден астам, ал денсаулық сақтау бағдарламаларын қаржыландыруға 531 млн теңгеге жуық қаржы бөлінді. Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға 8 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалды. Өткен жылы табиғатты қорғау іс-шараларына салынған инвестициялар 1 млрд теңгеден асты»-деп атап өтті Қазатомөнеркәсіптің өндіріс жөніндегі бас директоры Қуаныш Омарбеков. Бүгінгі таңда атом холдингінде 20 000-нан астам адам жұмыс істейді. 2010 жылдан бастап қазатомөнеркәсіп уран өндіру бойынша әлемдік көшбасшысы, ал 2018 жылдан бастап уран сату көлемі бойынша әлемде 1-ші орында. Компания кен орындарын игерудің ең қауіпсіз және экологиялық таза әдісін- жер асты ұғымалы шаймалау әдісін қолданады және өндіріс құнының ең төменгі көрсеткіштерінің біріне ие.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

# Нақты шешу жолдарын көрсетті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауы экономикалық жаңаруға бағытталып отыр. Иә, халықтың да көптен күткені де осы экономикалық даму болатындығы. Әрине Президент Жолдауында айтылған мәселелер жергілікті жерлерде шешімін табатындығы рас.

Бұл туралы нақты тапсырмалар да берді. Ендігі жерде мемлекет экономикалық еркіндікке жайлап ауысады. Әлі күнге шикізатқа тәуелділіктен арыла алмай келе жатқанымыз инновацияның жеткіліксіздігінен, еңбек өкілділігінің төмендігінен екені көпшілікке аян ғой деп есептеймін. Осының ықпалынан өндіріс, қайта өңдеу, ауыл шаруашылығы, жалпы барлық дерлік салада айтарлықтай даму байқалмайды.

Президент өзі бастап жұртшылық ұлттық табыстың игілігін көру үшін күрделі мәселелердің нақты шешу жолдарын көрсетті.

Экономиканы ір тарап-тандыру жан-жақты жол

ашуға тиіс. Жолдауда халық үшін маңызды саналатын «Отбасы банктің» қызметін аудандар мен моноқалаларға, ауылдарға баса назар аудару керектігі айтылды.

Президент орта кәсіпкерлікті дамыту туралы да кеңінен таратып айтты. Соңғы жылдары мемлекет көмегімен шағын, орта ірі бизнесі едәуір дамып, өркендей бастағаны байқалады.

Десе де осылардың ішінде орта кәсіпкерлік баяу, себебі көптеген кедергілер кездесуде.

Бұл жерде бақылауды күшейтіп, аз пайызбен қаражаттан көмек берсе, бұл сала аяғынан тұрып, жұмыс жүрер еді деп есептеймін.

Жұмыстардың нәтижелі жүргізілген жағдайда ғана Жолдауда нақтылаған тапсырмалардың орындалатынына бұқара сенеді.

Сондықтан менің ойымша сөзден іске көшу, шаруаны дөңгелетуіміз керек деп есептеймін.

**Іргебай ОМАРОВ,**  
Зейнеткер-ұстаз,  
Қаратау ауылы.









## Маман кеңесі

## Күзде ағаштарды күтіп ұстау және қандай көшеттерді отырғызу керек

Күзде қондырылған ағаштар көктемде егілген көшеттерге қарағанда тез бой түзейді. Бау-бақша өсірушілер үшін, күздің алғашқы айлары ең бір жауапты, нағыз белсенді жұмыс уақыты. Бұл уақытта көптеген кейінге қалдыруға болмайтын шаруалар жетіп артылады. Біз бірнеше қажетті деген жұмыстар тізімін ұсынамыз. Солардың алғашқысы өнімді уақытылы жинау. Пісіп жетілген жеміс ағаштары мен бұталарда ешқандай жемістің қалмауына қадағалаған жөн. Қалып қалған өнімдер түрлі жеміс аурулары мен бақша зиянкестерінің өсіп өнуіне жағдай жасайды. Егер барлық қажетті өнім жиналып, ағаштар мен бұталарда қалғаны пайдалануға жарамсыз болса, онда оларды жиып-теріп шұңқырға көміп немесе өртеп жібергеніңіз абзал. Пайдаға аспайтын қалдықтарды ағаш пен бұтаның түбінде қалдырып немесе қоршаудың сыртына тастаған дұрыс емес. Бұл ағаш бұталарында қалған шіріген өніммен бірдей зиян келтіреді. Өнімді жинауды кешкіртпеуге болмайды. Алма мен алмұрттың күзгі сұрыптары қыркүйек айының бірінші жартысында жиналып алынады. Кеш пісетін сұрыптарын қыркүйектің аяғы немесе қазан айының бас жағында жинайды. Уақтылы жиналмаған өнімдер өз дәмділігін, сапасын жоғалтқанымен қоймай ағаш пен бұталардың да салқын уақытқа дайындығын бұзады. Күзгі тыңайту бау-бақшадағы күзгі жұмыстар қатарына міндетті түрде жерді нәрлендіру, түрлі тыңайтқыштармен қоректендіру кіреді. Өсімдіктер әр мезгілге орай түрлі құрамдағы қоректендіргіш заттарды қажет етеді. Күзге қарай оларда фосфор мен калийге қажеттілік артады. Бұл макроэлементтер ағаштар мен бұталардың қыстан жақсы шығуына көмектеседі. Кейбір ауруларға қарсы тұруға септігі тиеді, тамырларының тереңдеп өсуіне де оң ықпал етеді. Сондай-ақ өнімнің сапалы, түсінің қанық болуына да әсер етеді. Ал азотты тыңайтқыштарды беруді тоқтатқан жөн. Азотты мезгілсіз беру қажетсіз артық өскіндердің пайда болуын көбейтіп, күш алуын тежейді. Нәтижесінде ағаштар мен бұталар суық күндерге дайындықсыз қалып, болмашы салқынға төтеп бере алмай қалады. Тыңайтқышты құрғақ және сұйық күйде де беруге болады. Тыңайтқыш қоспасын нұсқаулыққа сай дайындап, түбінен қоректендірген жөн. Себебі шашып, бүркіп жасалатын қоректендірулерді қатайып, қалыңдап алған жапырақтар мен бұталар сіңірмейді. Құрғақ тыңайтқышты ағаш пен бұталардың түбіне айналдыра біркелкі етіп тастап бетін жұқалаң етіп топырақпен жауып тастау керек және міндетті түрде тыңайтқыш сепкеннен кейін суғару қажет.

Көшет отырғызу тәртібі- кейбір ағаштар мен бұталарды көктем мезгіліне қарағанда, күзде қондыру тиімді. Көшеттерді егуді қыркүйек айының ортасынан бас-

тап қара күзге дейін жалғастыруға болады. Бастысы келесі маусымда жайқалған бау-бақша жасау үшін қандай ағаштарды күзде отырғызуға болатынын білу. Суыққа төзімсіз және басқа климаттық аймақтардан әкелінген жеміс ағаштары мен көшет сұрыптарынан сақ болған жөн. Күзгі қондыруды жақсы көтеретін жемісті ағаштар: алма, қара өрік, алмұрт, жаңғақ, тұт, (шелковица) алша, шие, қара және қызыл қарақат, таңқарай мүкжидек (клюква) ал, сәндік өсімдіктерден жұпаргүл (сирень) ақгүл (жасмин) арша (можжевельник) және осыған ұқсас қылқан жапырақтылар екен дұрыс. Көшет қондыру үшін алдымен жергілікті жердің ауа-райын жобалаған дұрыс. Оңтүстіктің солтүстік аймақтарында – қыркүйек айының 3 жартысынан бастап, қараша айына дейін қондыра беруге болады. Көшетті қондырғанда басты ұстанатын, естен шығаруға болмайтын жағдайлар; Көшет қондыратын шұңқырларды қазып, алдын-ала дайындап қойған дұрыс. Көшет егілетін кезде жаңа көң мен минералды тыңайтқыш берудің қажеті жоқ. Бүгінгі көшет ертеңгі жеміс ағаштары екенін естен шығармаңыз. Сондықтан қондырған кездегі ара қашықтық міндетті түрде сақталуы тиіс. Сондай-ақ кеміргіштерден сақ болған жөн және басқалай зиянкестерден қорғау үшін ағаштың діңін ақтап, әктеп қою керек. Егер көшеттерді қондыру уақытын өткізіп алған болсаңыз... Кейде қым-қуып тіршілікпен жүріп көшеттерді қондыру уақытын өткізіп алып жатамыз. Мұндай жағдайда, көшеттерді қыстан аман алып шығу жағдайын жасаймыз. Қар астында, қарға көміп сақтау. Топыраққа көміп қою әдісі. Жертөледе сақтау. Қателіктерден сақ болған жөн Қателік жіберуден бағбаншылықтан аса хабары жоқтар тұрмақ, тәжірибелі деген бағбаншылардың өздері сақтан-дырылған емес. Сондықтан, қондыруға ыңғайлы жаздық көшеттерді дұрыс таңдаған абзал. Көшеттің бойының ұзындығы шамамен 1,5–2 метр болғаны дұрыс. Одан ұзын, үлкендерінің өніп кетуі қиын. Қондыруға асықпаңыз. Маусымдық қолайлы кезеңді күткен жөн. Бірақ қыркүйек айының 15-терінен бұрын емес. Көшеттерді жаңадан қазылған емес, ертерек алдын-ала дайындалған шұңқырға отырғызу қажет. Көшеттің тамыр мойны егу кезінде топырақ деңгейінде болу керек. Ұқыпты жасалған бау-бақша көптеген жылдар бойы өз өнімімен бір ғана Сізді емес, өсіп келе жатқан келешек ұрпақтарыңызды да біраз уақыт қуантатын болдады. Бастысы негізгі ережелерді ұстануды естен шығармау керек.

**А.УАЛИЕВ,  
ҚР АШМ АӨК МИК ТО Созақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.**

## 10 қыркүйек - С.Қожановтың туған күні



## Ескекші еді шын адал, еңбекші мінген кемеге...

Зымыраған уақытпен бірге заман да өзгереді... өткенді түгендеу, саралап, сақтау алдымызға жаңа міндеттер қойып отырады. Сондай міндетті парызымыздың бірі–қазақтың ұлт болып сақталып, мемлекет болып дамуына субелі үлес қосқан, еңбегі ерен тұлғаларды ұлт жадында мәңгілікке қалдыру, еселеп жаңғыртып, есімін ұлықтау. Сондай ұмытылмас есімдер шоғырында Темірқазықтай тұлғадаңқты жерлесіміз, Орта Азия мен Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Сұлтанбек Қожанов. Әрбір ұлттың өзінің тәуелсіз мемлекет болуын мақсат еткен, сол үшін бар күш-жігерін сарп еткен, өзі адал қызмет еткен жүйенің құрбаны болған Қожанов есімі бүгінде күллі халықтың мақтанышы. Қаратаудың етегіндегі аядай ауылдан түлеп ұшқан қыран Қожанов білімге құштарлығымен мемлекет билігіне келді... көптеген ірі лауазымдарды атқарды. Соның бәрінде тек халықтың жағдайын көтеру, ұлттық құндылықтарды сақтап қалу, дамытып – өркендетуді көздеді. Алғыр да еркін қимылдарымен, өз көзқарастарын батыл қорғауымен талай тарихи істерді атқарды.

Сол кездегі Алаш қайраткерлерімен тығыз қатынаста болып, ұлтжанды азаматтарды қолдап, қорғап та жүрді. 1924 жылға дейін «қырғыз-қайсақ» деп аталып келген ұлтымыздың «қазақ» атауын қайта қалпына келтіруді жүзеге асырды. Орынбордағы Астанамызды Ақмешітке көшіруге ықпал етті. Ұлттық межелеу науқанында да жанқиярлық танытты. Үш мәрте халық комиссары болған, қазақ ұлтынан шыққан тұңғыш хатшы қайраткерлігімен қатар ғалымдығы да ерен еді. Ғалым, ақын, аудармашы, публицист ретінде мол мұра қалдырды. Ұлт әдебиеті мен мәдениетінің жанашыры ретінде атқарған қызметі де субелі. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев сынды ұлт руханиятының

ерек тұлғаларын үнемі қолдап, қорғаумен жүрді. Орта Азиядағы тұңғыш жоғары оқу орны– Ташкент мақта-политехникалық институтын ашуды ұйымдастырып, тұңғыш директоры болды. Еңбегін түгелдеп тауыса алмайтын телегей теңіздей жерлесіміздің мол мұрасын өскелең ұрпаққа жеткізу, танытып, ұлықтау– азаматтық парызымыз. Осы бағытта С.Қожанов атындағы аудандық музейде қайраткердің ғұмыр жолын, ерен еңбегін танытып, насихаттау жұмыстары тынбай жүргізілуде. Осы апта басынан туған күніне орай



«С.Қожанов. Тұлға. Тағылым» атты апталық жүрде. Апталық барысында ауыл тұрғындары, мекемелер қызметкерлері, мектеп оқушылары қамтылып, тарихи-танымдық саяхат-сабақтар, ақпараттық шоулар, лекциялар өткізілді. Аудан орталығындағы мектептермен қатар, Ақсұмбе ауылынан да С.Қожанов ат. мектептен бір топ жасөспірімдер музейге қонаққа келіп, апталыққа қатысты.

Қазақ тарихының көгінде есімі жарқырап тұра бермек тұлға С.Қожановты танытып насихаттау бағытындағы жұмыстар жалғаса бермек.

**Г.ӨМІРБЕК.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

**Меншік иесі-**

**"Созақ үні" газеті редакциясы"  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі**

**Директор:  
Абилпаттаев Ержан  
Бақытжанович**

**Бас редактор:**

**Теңізбаев Сәрсенбек**

**Сайлаубекұлы**

**Жауапты хатшының міндетін**

**уақытша атқарушы:**

**Нұрсұлтан Қанатұлы**

**Редакция құрамы:**

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер:  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайншы-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**  
Фототілші-  
**Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

**Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады**

**Индекс 64450**

**Редакцияның мекен-жайы:  
161000, Шолақорған ауылы,  
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары  
4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

**тапсырыс №  
таралымы -  
3600 дана**

**Кезекші редактор:**

Н.Шертаев